



9 - дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ТЕОРИЯСЫ. ЭЙЗЕНШТЕЙННЕН ТАРКОВСКИЙГЕ ДЕЙІН

Эйзенштейннің алтын кескіні





Фильмдер:

- С. М. Эйзенштейн «Броньді «Потемкин» кемесі»
- А.А. Тарковский «Сырғанақ пен скрипка»

Мақсат: Эйзенштейннің табиғат пен өнердің универсалды заңы жайлы айтып, оны кинода қалай қолдануға болатынын жазған «Алтын кесек» мақаласымен таныстыру.

Негізгі идеялар:

1. «Алтын кескін» выражает формулу органического роста.
2. Леонардо да Винчи оны адам дене-бітімі арқылы түсіндірген.
3. Алтын кесік дегеніміз, бір түзуді екі кесіндіге бөлу. Сонда кем кескіні үлкенге, үлкеннің тұтас дүниеге әсеріндей әсер етеді.
4. Алтын кескін бойынша, пропорциясына қарай құрастырылған заттардың қатары өнерде ерекше күшке ие, себебі, шекті үйлесім күйін елестетеді.
5. Эйзенштейн В. И. Суриковтың «Бояр қатын Морозова» суретінде «Алтын кескін заңдылығы» аңғарылатынын айтады.
6. «Броньді «Потемкин» кемесі» фильмін түсіргенде Эйзенштейн осы заңдылықтан ауытқымауға тырысты.
7. Кино туындысында «алтын кескіннің» екі нүктесінің болуы – апогей мен антиапогей - міндетті.
8. А.Тарковскийдің «Сырғанақ пен скрипка» фильміндегі «Алтын кескін заңдылығы».

Армысыздар, құрметті онлайн көрермен! Бұған дейінгі екі дәрісімізді де Эйзенштейннің теориялық мұрасына арнап, оның монтаж теориясы мен кинодағы пафос теориясын қарастырған едік. Бүгін «Алтын кескін» заңының кинодағы көрінісін талқыламақшымыз. Бұл жайлы С.М. Эйзенштейн «Бей-жай емес табиғат», орысша аты «Неравнодушная природа» мақаласында жазады.

«Алтын кескін» заңы үйлесімді өсу формуласы.



Эйзенштейн былай жазады: «Үйлесімді өсімді көрсететін «формула» мен қисық сызыққа ортақ дүниелерді іздеген зерттеушілер екі бағытты ұстанған.

Бір жағынан, қарапайым жол - табиғат аясында өскен нысандардың нақты өсімін салыстырмалы түрде өлшеумен айналысты.

Екінші жағынан — формуланы іздегенде «таза» математиканы қолданып, осы математика жүзінде үйлесімділіктің екінші сипаты, нақты айтсақ, тұтас дүниенің, оның құрамындағы бөлшектермен бірлігі мен сабақтастығы ұстанымы.

Алғашқылары өлшеу нысаны ретінде жапырақтар мен гүл шоғын, шырша жаңғағы мен күнбағысты қарастырған. Соңғысы бақылаудың жарқын үлгісіне айналып та кетті: күнбағыста қисық сызықтардың траекториясын кестедегідей көріп отырасың.

Барлық жеке жағдайларды жалпылаған қисық сызық өлшеулері мен шыққан қорытынды мынадай ережеге алып келді: өсу үрдісі кері қайырылған спираль күйінше өтеді. Ал, бұл спираль логарифмалық».






Үйлесімді өсудің логарифмалық спиралі міне осындай. Фибаначчи спиралі.

Леонардо да Винчи бұл кескінді «Sectio aurea» деп атаған. Көне заманнан алтын кескін мәселесін зерттеген сандаған зерттеушілер мен әуесқойлардың ішінде, осы құбылыстың сипатын дәл көрсеткен тек да Винчи деп ұйғарылған.


Адам дене мүшелерінің түрлі пропорциялары көрсетілген оның әйгілі суреті есіңізде болар. Леонардо да Винчи былай деген: «Жаһандағы ең кемел жаратылыс – адам дене-бітімін белбеумен орап, осы белбеуден табанына дейінгі қашықтығын өлшесек, оның белден бастың шекесіне дейінгі қашықтықпен өлшеуі бір болып шығады. Яғни, адам белінен табанына дейінгі өлшеміне тең болады».



«Алтын кескінің ғажайып қасиетінің нәтижесі жайлы» атты кітабында (2) архитектура профессоры Г.Д. Гримм былай жазады:

«Тұтас дүниенің барлық кесінділерінің ішінде бір алтын кескін бөлшек пен тұтас дүниенің өзара қатынасын көрсетіп отырады; тек сонда ғана негізгі биіктіктен, тұтас дүниеден алдыңғы екі бөлшегі тәуелді болып тұрады. Ал, олардың өзара және тұтаспен қатынасы кездейсоқтық емес, ол 0,618 тең... тұтасты қалай өлшеген күнде де солай болады».

Әрине, осы тектес шолу өз бетінше өте қызықты. Дегенмен, оның арнайылығы да бетке ұрып тұр. Сол себепті, осы мәселеге кеңірек әрі ұзағырақ тоқталу мүмкін емес. Оның үстіне, біздің тақырып үшін, нәтиже, яки, қорытынды маңыздырақ болып тұр: бір сызықтың екі кесіндісі өзара әрі тұтас сызыққа қарасты бірдей өлшемде болуы үшін, оны дәл осы алтын кескін өтетін нүктеден кию керек. Алтын кескінің мәні де осы, яғни, тұтас сызық екі бірдей сызыққа бөлініп, оның кішісінің үлкеніне, ал, үлкенінің кішісіне арақатынасы бірдей болмақ.



Алтын кескін нүктесінің кесінді аяғына дейінгі қашықтығы, дәйекті түрде жақындату арқылы өлшенеді: $2/3$, $3/5$, $5/8$, $8/13$, $13/21$ және т. с. немесе үлкен кесін $0,618...$ шексіз бөлшегімен өлшенеді. Тұтас дүние – бірлік саналады.

Алтын кескін бойынша, пропорциясына қарай құрастырылған заттардың қатары өнерде ерекше күшке ие, себебі, шекті үйлесім күйін елестетеді.

Грекия және Қайта өрлеу дәуірінің үздік ескерткіштері осы ұстанымға сүйеніп жасалған. Кескіндеме өнерінің үздік туындылары да осы композицияға басымдық берген. Жалпы, пластикалық өнер саласында кескін мен оның композициялық қолданылуы өте танымал болған.

Эйзенштейн В. И. Суриковтың «Бояр қатын Морозова» суретін қарастырады.

Мұнда «табиғилық» пен сұлулықтың композицияда үйлесім табуы көзге көрініп тұр.

Ал, енді, осы «табиғилық пен сұлулықтың» бірігуі, біз жоғарыда айтқан «үйлесімділік» емей немене?

Үйлесімділік жайлы айтылса болды, пропорциядағы алтын кескінді ізде!



Стасов «Бояр қатын Морозова» атты суретке «хор» қоршаған «солист» деп баға берген. Басты «партия» бояр қатынға тиесілі. Ол суреттің орта тұсында бейнеленген. Ол суреттің самғау биігі мен төменгі тұсының ортасында тұр. Морозованың екі сақинасы бар қолын жоғары сермеуі — самғау биігі. Ал, бояр қатынға қарай тартылған кедей кәрі кемпірдің қолы — аман қалудың соңғы үмітімен қатар, шананың ұшы көрінеді.

Бұл Морозова есімді бояр қатынды кейіптейтін екі драмалық нүктесі: «нөлдік» нүктесі мен самғау биігі.


Мұндағы екі нүкте де орталық диагональға тәуелді болып тұр. Бұл диагональ жалпы суреттің ырғағын меңзеп тұр.

Олар тура мағынасында осы диагональға сәйкес келмейді, жанды суреттің жансыз геометриялық фигурадан басты ерекшелігі де осы.

Алайда осы диагональға ұмсыну мен онымен байланыс көрініп тұр.

Драманың осы нүктесінің тұсында тағы қандай шешуші кескіндер өтіп жатқанын кеңірек ұғындырып көрелік.

Кішкентай сызбалық-геометриялық еңбектен, осы екі драма нүктесі тік сызықты да қоса алғанын, және олардың суреттің әр бұрышынан 0,618... өтіп жатқанын байқаймыз!



«Төменгі нүкте» АВ кескінімен тұтас сәйкес келеді, ол сол жақ бұрышынан 0,618... қашықта тұр.

Ал, «жоғарғы нүкте» ше? Бір қарағанда қарама-қайшылыққа тап болғандаймыз: суреттің оң жақ бұрышынан тартылған 0,618... тұратын А1В1 кескіні, бояр қатынның қолы, басы немесе көзінің тұсынан емес, тура аузының тұсынан өтеді! Басқаша айтқанда, осы шешуші кескін ауа қармап қалған секілді. Бәрі бос секілді көрінеді..

Аузының тұсынан өткенімен келісемін.

Ауа қармап қалғанымен де келісемін.

Бірақ, «бәрі бос» дегенмен келісе алмаймын.

Керісінше!

Алтын кескін мұнда ең бастысын кесіп өтеді. Ал, күтпеген жағдайдың орын алу себебі осы ең бастысы — пластикалық тұрғыдан суреттеуге келмейді.


А1В1 алтын кескіні бояр қатын Морозова айтқан сөзді кесіп өтеді.

Себебі, мұнда қол да, от жанған көз де, ауыз да маңызды емес. Маңыздысы фанатикалық сенім ықпалымен айтылған отты сөз.

Морозованың зор күшінің сыры да тап осында.

Енді кинематографқа ауысайық.

Егер «Алтын кескін заңы» кеңістік түріндегі өнерге тән болса, демек, мерзімдік өнерге де тән болуы тиіс. Эйзенштейн поэзиядан мысал келтіреді, ал, біз болсақ, бірден кинематографқа қарай ауысайық. «Алтын кескін заңының» графикалық сұлбасына тағы бір назар аударайық: «қысқа кесектің үлкеніне арақатынасы үлкеннің тұтасқа арақатынасымен бірдей».



«Броньді «Потемкин» кемесі» алтын кескін заңына сай жасалған. Эйзенштейн айтпақшы, егер самғау биік – апогей нүктесі болса, демек, антиапогей нүктесі де бар. Олар шамамен бірдей пропорцияда орналасқан.

Сергей Эйзенштейн: «Ол 2 : 3 пропорциясына едәуір жақын тұр, ал, мұның өзі, алтын кескінге сызба күйінше мейлінше жақын орналасқан».

Өйткені, 2 : 3 бөлінісінде, яғни, бес бөлімді фильмнің екінші бөлімінің соңы мен үшінші бөлімінің басында фильмнің негізгі цезурасы - әрекетті кідіртудің нөлдік нүктесі орналасқан.

Нақтырақ айтсақ, мерт болған Вакулинчук пен шатыр тақырыбы үшінші бөлімнен емес, екінші бөлімнің соңынан басталып, фильмнің қалған 6 ұпайына жетпей тұрған 0,18 ұпайын қосып, нәтижесінде 6,18 шығады. Бұл алтын кескінге сәйкес келетін пропорция. Цезура нүктелері де баламалы пропорцияға ауысқан — фильмнің жеке бөлшектері бойынша ОВ бетбұрысы.

«Броненосец Потемкин» фильмінен үзінді көріп отырайық. Вакулинчуктің өлімі.

Алайда, ең қызығы, «Патемкинде» алтын кескін заңы нөлдік нүкте үшін ғана емес, апогей нүктесіне де сай келеді. Апогей нүктесі — броньді кемеге орнатылған қызыл ту. Қызыл ту да... алтын кескін нүктесінде желбіреп тұр! Бірақ, бұл жолғы алтын кескін, фильмнің басқа бөлімінен бастап өлшенген. — 3 : 2 нүктесінде. Тағы бір үзінді көрейік. Қызыл жалаудың көтерілуі.

С. Эйзенштейн: «Потемкинде» оның әр бөлімі және тұтас фильмнің өзі, тіпті, екі шарықтау шегі де – қозғалыссыз нүкте мен самғау биік нүктесі – катал түрде табиғаттың үйлесімді құбылыстары заңдылығына сәйкес келеді». (3)

Осы орайда, кітабымыздың авторы С. Фрейлихтің де бір цитатасын келтірейік: «Зерттеушіні алтын кескін идеясы неліктен қызықтырғаны белгілі - оның пропорциялары Эйзенштейннің үйлесімділік нақандағы түсінігіне толық сәйкес келеді.

Алайда, табиғилыққа ұмтылу «мылқау» көшірме емес.

Эйзенштейн табиғат пропорцияларын өнерге механикалық тұрғыда көшіруден сақтануға шақырған. Алтын кескін мәселесіне орала отырып, Эйзенштейн, ішінара, суреткер диагональға еліткенімен оны ешқашан қайталамайтынын айтады. Сол себепті, өнер туындысы жанды сурет. Ол жансыз геометриялық сызбадан ерекшеленіп тұрады».

«Алтын кескін заңын» Андрей Тарковскийдің қысқа метрлі «Сырғанақ пен скрипка» фильмінен қарап талдайық.

Біз А.Тарковскийдің «Сырғанақ пен скрипка» атты дипломдық фильмінің негізінде «алтын кескін» заңдылықтарын талдадық. Жалпы, С.Эйзенштейннің де, А.Тарковскийдің де «алтын кескін» заңын жетік біліп, оны меңгеруі және өз шығармашылығында үйлесімді қолдану сыры осы екі режиссердің де бейнелеу өнерімен, кескіндеме өнерімен өте жақын таныс болуында жатыр. Осы екі суреткер де шын мәнінде жақсы суретші бола білді. Олар өз фильмдеріне арнап кадрларды салатын болатын. «Раскадровка» дейді. Сондай-ақ, қоюшы-суретші қызметін де атқарған десек болады. Мысалы, А.Тарковский әсіресе, С.Эйзенштейннің күнделіктерінде сақталған графикалық дүниелері кеңінен танымал. Осы себепті, осы екі режиссер «алтын кескін» заңдылығын өзінің шығармашылығында өте үйлесімді, өте орынды қолдана білген.

Жалпы, киноның бастауында бейне жатқаны, яғни, сурет өнерінің болуы әр режиссерге сурет өнерін, бейнелеу өнерін, кескіндеме өнерін толық игермесе де, онымен жақсы таныс болуын талап етеді.

Біз осы дәрісімізде «алтын кескін» туралы, соның ішінде, С.Эйзенштейннің, А.Тарковскийдің шығармашылығындағы «алтын кескіннің» орны және оны қолдану ерекшеліктері туралы сөз еттік. Енді, өзіндік жұмыс тапсырмаларын айтып өтейін.

1. Танымал суретшілердің туындыларын мысалға алып, «алтын кескін заңын» талдаңыз.
2. С.М. Эйзенштейннің кез-келген фильмін алып, уақыт бойынша, «апогей» мен «антиапогей» нүктелерін қай кезде қолданғанын айтыңыз.
3. Өзіңіз ұнататын кез-келген фильмді алып, мұнда «алтын кескін заңының» қаншалықты сақталғанын бақылаңыз.